Конкурстық құжаттамаға
13-қосымша

Сатып алынатын тауарлардың техникалық ерекшелігі (тапсырыс беруші толтырады)

Тапсырыс берушінің атауы	"Қарағанды облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі
Ұйымдастырушының атауы	"Қарағанды облысының қаржы және мемлекеттік активтер басқармасы" мемлекеттік мекемесі
Лоттың №	83113096
Лоттың атауы	Ұялы байланыс телефоны
Тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бірыңғай номенклатуралық анықтамалығы кодының атауы*:	263022.000.000004
Тауардың атауы*:	Ұялы байланыс телефоны
Өлшем бірлігі*:	Дана
Саны (көлемі)*:	200
Қосылған құн салығын есептемегенде бірлік бағасы*:	103448.27
Қосылған құн салығын қоспағанда, сатып алуға бөлінген жалпы сома*:	20689654
Жеткізу шарты (ИНКОТЕРМС 2010-ға сәйкес)*:	DDP
Жеткізу мерзімі*:	шарт күшіне енген күннен бастап 16 күнтізбелік күн ішінде
Жеткізу орны*:	Қарағанды облысы, Қарағанды қ. Алиханова 19
Аванстық төлем мөлшері*:	0

Ұлттық стандарттардың атауы, ал олар болмаған жағдайда сатып алынатын тауарларға арналған мемлекетаралық стандарттар. Ұлттық және мемлекетаралық стандарттар болмаған кезде мемлекеттік сатып алуды нормалауды ескере отырып, сатып алынатын тауарлардың талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары көрсетіледі.	
Тұрғын емес мақсаттағы ғимараттарды, құрылыстарды, үй-жайларды, авиациялық техниканы сатып алуды қоспағанда, тауар жаңа, пайдаланылмаған шарт жасасу күніне дейін (үш жылға дейін) шығарылған жылы болуға тиіс*	
Кепілдік мерзімі (айлармен)	12

Сатып алынатын тауардың талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық, пайдалану және өзге де сипаттамаларының сипаттамасы	Сатып алынатын жабдықтың сипаттамалары Құрылғы пайдаланушының перне тақта құрылғысымен жедел визуалды байланысын қамтамасыз етуге, сондай-ақ IPS-матрица арқылы деректерді көрсетуге, беруге және өңдеуге арналған болуы тиіс. Құрылғы ақпаратты визуалды түрде көрсетуге арналған және құжаттармен жұмыс істеу, интернет желісіне қосылу және бейнебайланыс мақсаттарында пайдаланылады. Ақпаратты көрсету құрылғысы — сұйық кристалды, молекулалары экран жазықтығында орналасқан және жарықдиодты жарықтандыру жүйесі бар болуы тиіс. Көрінетін аймақтың қарама-қарсы бұрыштары арасындағы диагональ ұзындығы кемінде 279 мм және 285 мм-ден аспауы тиіс. Ұзын жағы бойынша кескін элементтерінің саны кемінде 1280, қысқа жағы бойынша кемінде 800 болуы тиіс. Кескінді жаңарту жиілігі секундына кемінде 90 рет болуы тиіс. Көк жарық құрамдасын азайту және оқу режимдері қолдау табуы тиіс. Орталық өңдеу құрылғысы кемінде 8 есептеу ядросынан тұруы тиіс. Процессор құрамында тактілік жиілігі кемінде 1,8 ГГц болатын кемінде 2 ядро және тактілік жиілігі кемінде 1,6 ГГц болатын кемінде 6 ядро болуы тиіс. Құрылғыда кіріктірілген графикалық есептеу блогы болуы тиіс. Орындалатын бағдарламалар мен өңделетін деректерді уақытша сақтауға арналған физикалық жад көлемі кемінде 3 ГБ болуы тиіс. Тұрақты жад есебінен виртуалды кеңейту осы көлемді айқындау кезінде есепке алынбайды. Кіріктірілген энергияға тәуелсіз жад көлемі өндірушінің номиналды көрсеткіші бойынша кемінде 128 ГБ болуы тиіс. Сыйымдылығы 2 ТБ-ға дейін қоса алғанда microSD форматындағы ауыстырмалы ақпарат тасымалдағышын орнату мүмкіндігі болуы тиіс. LTE пакеттік деректерді беру технологиясын қолдайтын төртінші буын ұялы байланыс желілеріне қосылуға арналған кіріктірілген модуль болуы тиіс. Абонентті сәйкестендірудің кемінде 2 модулін қолдауы тиіс; екінші модуль мен жад картасына арналған біріктірілген слотқа жол беріледі. IEEE 802.11ac немесе одан кейінгі нұсқадағы сымсыз жергілікті желі стандартына және нұсқасы 5.0-ден төмен емес перифериялық құрылғылармен сымсыз деректер алмасуға қолдау көрсетілуі тиіс. GPS, ГЛОНАСС, Galileo және BeiDou спутниктік жүйелерін пайдалана отырып, орналасқан жерін анықтау мүмкіндігі болуы тиіс. Құрылғының ажыратымдылығы кемінде 8 000 000 кескін элементін құрайтын негізгі камерасы және ажыратымдылығы кемінде 5 000 000 кескін элементін құрайтын алдыңғы камерасы болуы тиіс. Дыбысты жаңғыртуға арналған кіріктірілген құралдар стереофониялық дыбысты қамтамасыз ететін кемінде 2 дауыс зорайтқыштан тұруы тиіс. Сымды құлаққаптарға арналған 3,5 мм жалғағышы болуы тиіс. Кіріктірілген аккумулятордың номиналды электр сыйымдылығы кемінде 8300 мА·сағ болуы тиіс. Сымды зарядтау кезінде қолдау көрсетілетін қуат кемінде 18 Вт болуы тиіс. Алдын ала орнатылған операциялық жүйе — орыс тіліндегі интерфейсі бар және құжаттармен жұмыс істеуге, бейнебайланыс орнатуға арналған қосымшаларды орнату мүмкіндігі бар 16 немесе одан жоғары нұсқасы болуы тиіс. Жеткізу жиынтығына дыбысты жеке тыңдауға арналған ішкі арналы сымды гарнитура,

	экранға арналған мөлдір соққыға төзімді қорғаныш элементі, құрылғы корпусына арналған қорғаныш қап, сымсыз қосылымы бар мәтіндік ақпаратты енгізуге арналған сыртқы құрылғы (пернетақта) және курсорды басқаруға арналған сыртқы координаталық құрылғы (тінтуір) кіруі тиіс. Мәтіндік ақпаратты енгізуге арналған сыртқы құрылғы мен координаталық құрылғы нұсқасы 5.0-ден төмен емес сымсыз деректерді беру интерфейсі арқылы құрылғыға қосылуды және қосымша адаптерлерді сатып алу қажеттілігінсіз жеткізілетін құрылғымен бірлесіп пайдалануды қамтамасыз етуі тиіс. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына 4-қосымшаның 2-тармағының 7) тармақшасына сәйкес әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысуға арналған өтінім құрамында ұсынылатын тауарды өндіруші немесе оның ресми өкілі, дилері не дистрибьюторы берген қолданыстағы хаттың (авторизациялық хаттың) электрондық көшірмесін ұсынады. Хатта әлеуетті өнім берушінің атауы мен сәйкестендіру деректері, брендтің атауы, ұсынылатын планшетті қамтитын моделі немесе тауар санаты, хатты берген тұлға туралы мәліметтер, берілген күні және қолданылу мерзімі не өкілеттіктердің мерзімсіз сипаты туралы белгі, сондай-ақ уәкілетті тұлғаның қолы немесе құжаттың түпнұсқалығын электрондық түрде тексеру мүмкіндігі көрсетілуі тиіс. Егер авторизациялық хат дилер немесе дистрибьютор тарапынан берілген болса, аталған дилердің немесе дистрибьютордың осындай хаттарды беруге өкілеттігін растайтын өндірушінің құжаты не өзге де тексеруге болатын растаушы құжат қоса ұсынылуы қажет. Ұсынылып отырған тауарға қолданылатын, бұрын берілген және қолданыстағы жалпы авторизациялық хатты ұсынуға жол беріледі. Бұл ретте конкурс жарияланғаннан кейін арнайы жаңа хатты рәсімдеу талап етілмейді. Аталған талап барлық әлеуетті өнім берушілерге бірдей шарттарда қойылады және ұсынылатын тауарлардың брендіне қарамастан қолданылады.
Ілеспе қызметтер (қажет болған жағдайда көрсетіледі) (тауарларды монтаждау, баптау, оқыту, тексеру және сынау)	

Әлеуетті өнім берушіні жеңімпаз деп айқындаған және онымен мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасқан жағдайда әлеуетті өнім берушіге қойылатын талаптар(қажет болған жағдайда көрсетіледі) (көрсетілген мәліметтерді көрсетпегені және ұсынбағаны үшін әлеуетті өнім берушіні қабылдамауға әлеуетті өнім берушіні қабылдамауға жол берілмейді)	Жеткізілетін жабдық жаңа, бұрын пайдаланылмаған, қалпына келтірілмеген және тасымалдау кезінде тауардың сақталуын қамтамасыз ететін зауыттық қаптамада болуы тиіс. Тауарды қабылдау техникалық ерекшелікке және шарт талаптарына сәйкестігі бойынша жүзеге асырылады. Жабдыққа кепілдік мерзімі тауарды қабылдаутапсыру актісіне қол қойылған күннен бастап кемінде 12 ай болуы тиіс. Өнім беруші жеткізілетін тауарға қатысты заңнамада көзделген сәйкестікті міндетті растау құжаттарын және кепілдік құжаттарын ұсынады. Тауарды жеткізу, түсіру және тапсыру өнім берушінің есебінен жүзеге асырылады. Жеткізу мерзімі, орны және саны шартта және лоттар тізбесінде белгіленеді.

Ескертпе:

1. Функционалдық, техникалық, сапалық, пайдалану, өзге де сипаттамалар, ілеспе қызметтер және орындаушыға қосымша шарттар бойынша әрбір талап жеке жолда көрсетіледі.
2. Техникалық ерекшелікте әлеуетті өнім берушіге қойылатын біліктілік талаптарын белгілеуге жол берілмейді.
3. Өзге құжаттарда техникалық ерекшелік талаптарын белгілеуге жол берілмейді.

*мәліметтер мемлекеттік сатып алу жоспарынан тартылады (автоматты түрде көрсетіледі).

Приложение 13
к конкурсной документации

Техническая спецификация закупаемых товаров (заполняется заказчиком)

Наименование заказчика	Государственное учреждение "Управление образования Карагандинской области"
Наименование организатора	Государственное учреждение "Управление финансов и государственных активов Карагандинской области"
Номер лота	83113096
Наименование лота:	Телефон сотовой связи
Наименование кода Единого номенклатурного справочника товаров, работ, услуг*:	263022.000.000004
Наименование товара*:	Телефон сотовой связи
Единица измерения*:	Штука
Количество(объем)*:	200
Цена за единицу, без учета налога на добавленную стоимость*:	103448.27
Общая сумма, выделенная для закупки, без учета налога на добавленную стоимость*:	20689654
Условия поставки (в соответствии с ИНКОТЕРМС 2010)*:	DDP
Срок поставки*:	в течение 16 календарных дней со дня вступления в силу договора
Место поставки*:	Карагандинская область, г.Караганда Алиханова 19
Размер авансового платежа*:	0

Наименование национальных стандартов, а при их отсутствии межгосударственных стандартов на закупаемые товары. При отсутствии национальных и межгосударственных стандартов указываются требуемые функциональные, технические, качественные и эксплуатационные характеристики закупаемых товаров, с учетом нормирования государственных закупок.	
Товар должен быть новым, неиспользованным, год выпуска не ранее (до трех лет) до даты заключения договора за исключением приобретения здания, строения, сооружения, помещения, имеющих нежилое назначение, авиационной техники	
Гарантийный срок (в месяцах)	12

Описание требуемых функциональных, технических, качественных, эксплуатационных и иных характеристик закупаемого товара	Характеристики закупаемого оборудования Устройство должно быть предназначено для обеспечения оперативной визуальной связи пользователя с клавиатурой, а также для отображения, передачи и обработки данных посредством IPS-матрицы. Устройство предназначено для визуального отображения информации и используется в целях работы с документами, выходом в сеть интернет и видеосвязи. Устройство отображения информации — жидкокристаллическое, с расположением молекул в плоскости экрана и светодиодной подсветкой. Расстояние между противоположными углами видимой области — не менее 279 мм и не более 285 мм. Количество элементов изображения по длинной стороне — не менее 1280, по короткой стороне — не менее 800. Частота обновления изображения — не менее 90 раз в секунду. Должны поддерживаться режимы снижения синей составляющей подсветки и чтения. Центральное обрабатывающее устройство — не менее 8 вычислительных ядер. В составе процессора должны быть не менее 2 ядер с тактовой частотой не ниже 1,8 ГГц и не менее 6 ядер с тактовой частотой не ниже 1,6 ГГц. Устройство должно иметь встроенный графический вычислительный блок. Объем физической памяти для временного хранения выполняемых программ и обрабатываемых данных — не менее 3 ГБ. Виртуальное расширение за счет постоянной памяти не учитывается при определении данного объема. Объем встроенной энергонезависимой памяти — не менее 128 ГБ по номиналу изготовителя. Возможность установки сменного носителя информации формата microSD емкостью до 2 ТБ включительно. Встроенный модуль подключения к сетям подвижной связи четвертого поколения с поддержкой пакетной передачи данных LTE. Поддержка не менее 2 модулей идентификации абонента; допускается совмещенный слот для второго модуля и карты памяти. Поддержка беспроводной локальной сети стандарта IEEE 802.11ac или более нового и беспроводного обмена данными с периферией версии не ниже 5.0. Определение местоположения с использованием спутниковых систем GPS, ГЛОНАСС, Galileo и BeiDou. Устройство должно иметь основную камеру с разрешением не менее 8 000 000 элементов изображения и фронтальную камеру с разрешением не менее 5 000 000 элементов изображения. Встроенные средства воспроизведения звука — не менее 2 громкоговорителей, обеспечивающих стереофоническое воспроизведение. Наличие разъема 3,5 мм для проводных наушников. Номинальная электрическая емкость встроенного аккумулятора — не менее 8300 мА·ч. Поддерживаемая мощность проводной зарядки — не менее 18 Вт. Предустановленная операционная система — версии не ниже 16, с русскоязычным интерфейсом и возможностью установки приложений для работы с документами и видеосвязи. Комплект поставки должен включать проводную гарнитуру внутриканального типа для индивидуального прослушивания звука, защитный элемент из прозрачного ударостойкого материала для экрана, защитный чехол для корпуса устройства, внешнее устройство ввода текстовой информации с беспроводным подключением и внешнее координатное устройство управления курсором с

	беспроводным подключением. Внешнее устройство ввода текстовой информации и координатное устройство должны обеспечивать подключение к устройству посредством беспроводного интерфейса передачи данных версии не ниже 5.0 и возможность совместного использования с поставляемым устройством без необходимости приобретения дополнительных адаптеров. В соответствии с подпунктом 7) пункта 2 Приложения 4 к Правилам осуществления государственных закупок, утвержденным приказом Министра финансов Республики Казахстан от 9 октября 2024 года № 687, потенциальный поставщик в составе заявки на участие в конкурсе представляет электронную копию действующего письма (авторизационного письма), выданного производителем предлагаемого товара либо его официальным представителем, дилером или дистрибьютором. Письмо должно содержать наименование и идентификационные сведения потенциального поставщика, наименование бренда, модель либо товарную категорию, охватывающую предлагаемый планшет, сведения о лице, выдавшем письмо, дату выдачи и срок действия либо указание на бессрочный характер полномочий, а также подпись уполномоченного лица или возможность электронной проверки подлинности документа. Если авторизационное письмо выдано дилером или дистрибьютором, необходимо приложить документ от производителя либо иное подтверждение, позволяющее проверить полномочия данного дилера или дистрибьютора на выдачу таких писем. Допускается предоставление ранее выданного действующего авторизационного письма, если оно распространяется на предлагаемый товар. При этом оформление нового письма специально после объявления конкурса не требуется. Указанное требование предъявляется на равных условиях ко всем участникам и применяется ко всем предлагаемым товарам независимо от их бренда.
Сопутствующие услуги (указываются при необходимости) (монтаж, наладка, обучение, проверки и испытания товаров)	
Условия к потенциальному поставщику в случае определения его победителем и заключения с ним договора о государственных закупках (указываются при необходимости) (Отклонение потенциального поставщика за не указание и непредставление указанных сведений не допускается)	Поставляемое оборудование должно быть новым, не бывшим в употреблении, не восстановленным, в заводской упаковке, обеспечивающей сохранность при перевозке. Приемка осуществляется на соответствие технической спецификации и условиям договора. Гарантия на оборудование — не менее 12 месяцев с даты подписания акта приема-передачи товара. Поставщик передает документы об обязательном подтверждении соответствия, предусмотренные законодательством для поставляемого товара, и гарантийные документы. Доставка, разгрузка и передача товара осуществляются за счет поставщика. Срок, место и количество поставки устанавливаются договором и перечнем лотов.

Примечание
1. Каждое требование по функциональным, техническим, качественным, эксплуатационным, иным характеристикам, сопутствующим услугам и дополнительным условиям к исполнителю указывается отдельной строкой.
2. Установление в настоящей технической спецификации квалификационных требований, предъявляемых к потенциальному поставщику, не допускается.
3. Установление требований технической спецификации в иных документах не допускается.
* сведения подтягиваются из плана государственных закупок (отображаются автоматически).